



Мемлекеттік статистика органдары
құпиялылығына кепілдік береді

2021 жылы Қазақстан Республикасы
халқының ұлттық санағын өткізуге
арналған санақ парағының нысаны

1

Қазақстан Республикасының
Стратегиялық жоспарлау және реформалар
агенттігі Ұлттық статистика
бюросы басшысының
2021 жылғы « »
№ бұйрығына
1-қосымша

Аумақтық статистика бөлімшесіне ұсынылады

Санақ парағын толтыруға жұмсалған уақыт, сағатпен					
1 сағатқа дейін	1-2	2-4	4-8	8-40	40 сағаттан артық

Санақ парағы www.sanaq.gov.kz
интернет-ресурсына орналастырылған

«Тұрғынжайлар, тұрғын үйлер (тұрғын ғимараттар) және тұрғын емес үй-жайлар тізімі»

Индексі 1-СЖ
Кезеңділігі: біржолғы

Санақ парақтары үй шаруашылығының құрамына кіретін респонденттерге толтырады*

* «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 23) тармақшасына сәйкес үй шаруашылығы – бірге тұратын, өз табыстары мен мүлкін толықтай немесе ішінара біріктіретін және тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді бірлесіп тұтынатын бір немесе одан да көп жеке тұлғалардан құралған экономикалық субъект.

ӘАОЖ бойынша елді мекеннің коды ¹	Нұсқаушылық учаскенің нөмірі ²	Тіркеу учаскесінің нөмірі ³
<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>

Тұрғынжайлар, тұрғын үйлер (тұрғын ғимараттар) және тұрғын емес үй-жайлар тізімі
(тіркеу учаскесіне жасалады)

1-бөлім. Тұрғынжайлар, тұрғын үйлер (тұрғын ғимараттар) және тұрғын емес үй-жайлар туралы мәліметтер

Жол коды	Объектінің белгілері	Объект бойынша мәліметтер
А	Б	1
1.1	Әкімшілік-аумақтық бірліктің коды және атауы	
1.2	Көшенің типі	
1.3	Мекенжай	
1.4	Объектінің типі	
1.5	Объектінің мәртебесі	
1.6	Ғимараттың немесе үйдің (корпустың, блоктың) нөмірі	
1.7	Құқық иеленушінің деректері	
1.8	Әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында, балалар үйінде, демалыс үйлерінде, жетім балаларға арналған және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттарда, пансионаттарда, санаторийлерде, сәбилер үйінде және басқа да мекемелерде, ұйымдарда тұрақты тұратындардың саны	
1.9	Ауруханаларда, санаторийлерде, қонақүйлерде, демалыс үйлерінде және басқа да мекемелерде, ұйымдарда уақытша тұратындардың және (немесе) келушілердің төсек орын саны;	
1.10	Ескертпе ⁴	

2-бөлім. Халық тұрып жатқан тұрғынжайлар мен тұрғын емес үй-жайлар туралы мәліметтер

Жол коды	(Пәтердің, бөлменің, жеке тұрғын үйдің) нөмірі	(Пәтердің, бөлменің, жеке тұрғын үйдің) типі	Тұратын халықтың саны	Құқық иеленушінің деректері	Ескертпе
А	1	2	3	4	5
2.1					
2.2					
2.3					
2.4 ⁵					

Ескертпе:

¹ ҚР ҰЖ 11-2009 Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші;

^{2,3} Нұсқаушылық, тіркеу учаскелерінің нөмірлері Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының аумақтық бөлімшелері береді және планшеттегі мобильдік қосымшаға мекенжай тізілімін жүктегеннен кейін автоматты түрде көрсетіледі;

⁴ ескертпеде әрбір объекті бойынша кез келген өзгерістер мен ескертулер көрсетіледі;

⁵ жолдарды қажеттілігіне қарай қосу.

2021 жылы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізуге арналған «Тұрғынжайлар, тұрғын үйлер (тұрғын ғимараттар) және тұрғын емес үй-жайлар тізімі» (индексі 1-СЖ, кезеңділігі: біржолғы) санақ парағын толтыру жөніндегі түсіндірме 2021 жылы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізуге арналған «Тұрғынжайлар, тұрғын үйлер (тұрғын ғимараттар) және тұрғын емес үй-жайлар тізімі» (индексі 1-СЖ, кезеңділігі: біржолғы) санақ парағына қосымшада келтірілген

2021 жылы
Қазақстан Республикасы халқының
ұлттық санағын өткізуге арналған
«Тұрғынжайлар, тұрғын үйлер
(тұрғын ғимараттар) және тұрғын емес
үй-жайлар тізімі» (индексі 1-СЖ,
кезеңділігі: біржолғы) санақ парағына
қосымша

2021 жылы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізуге арналған «Тұрғынжайлар, тұрғын үйлер (тұрғын ғимараттар) және тұрғын емес үй-жайлар тізімі» (индексі 1-СЖ, кезеңділігі: біржолғы) санақ парағын толтыру жөніндегі түсіндірме

1. 2021 жылы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізуге арналған «Тұрғынжайлар, тұрғын үйлер (тұрғын ғимараттар) және тұрғын емес үй-жайлар тізімі» (индексі 1-СЖ, кезеңділігі: біржолғы) санақ парағына (бұдан әрі – санақ парағы) халық тұрып жатқан немесе тұруы мүмкін барлық тұрғынжайлар, тұрғын үйлер (тұрғын ғимараттар) және тұрғын емес үй-жайлар жазылады;

2. Әрбір тұрғынжай, тұрғын үй (тұрғын ғимарат) және тұрғын емес үй-жай санақ парағына жеке және олардың орналасу тәртібімен рет-ретімен жазылады.

3. Санақ парағының 1-бөлімнің 1-бағанында:

1.1-жолда әкімшілік-аумақтық бірліктің коды мен атауы;

1.2-жолда «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – «е-Статистика» ИАЖ) анықтамалығына сәйкес көшенің типі;

1.3-жолда осы даңғыл, көше, алаң, тұйық көше, өтпе жол бойынша бірінші болып жазылған тұрғынжайдың, тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) және тұрғын емес үй-жайдың мекенжайы, басқа тұрғынжайға, тұрғын үйге (тұрғын ғимаратқа) және тұрғын емес үй-жайға қарама-қарсы жолда «-u-» белгісі;

1.4-жолда «е-Статистика» ИАЖ анықтамалығына сәйкес тұрғынжайдың, тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) және тұрғын емес үй-жайдың типі;

1.5-жолда «е-Статистика» ИАЖ объектілер мәртебесінің анықтамалығына сәйкес тұрғынжайдың, тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) және тұрғын емес үй-жайдың мәртебесі;

1.6-жолда тұрғынжайдың, тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) және тұрғын емес үй-жайдың нөмірі көрсетіледі. Нөмірлері қосымша санмен немесе әріптік нөмірлеумен белгіленетін тұрғынжай, тұрғын үй (тұрғын ғимараттың) және тұрғын емес үй-жай үшін негізгі, сонымен қатар қосымша белгілері де жазылады (мысалы, 8а, 5/1).

Егер тұрғынжай, тұрғын үй (тұрғын ғимараттың) және тұрғын емес үй-жай қосымша нөмірлеумен (мысалы, А корпусы (блогы), Б корпусы (блогы) немесе 1-корпус (блогы), 2-корпус және т.с.с.) белгіленетін бірнеше ірі көппәтерлі корпустардан тұрса, онда осындай әрбір корпус (блогы) жалпы нөмірі

және корпустың нөмірі (мысалы, 5 корпус (блогы) А, Б корпусы (блогы), 1/18 корпус (блогы) 2 және тағы сол сияқты) көрсетіле отырып, санақ парағында жеке жолда жазылады.

Тұрғынжайдың, тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) және тұрғын емес үй-жайдың қатарында олардың конструктивтік ерекшеліктерінің (мысалы, гараждар) себебінен халық тұрмайтын шаруашылық құрылыстары ескерілмейді, тұрған жағдайда оларды санақ парағына енгізеді.

Тұратын тұрғындардың санын көрсете отырып, картада барлық бар жаңа тұрғынжайлар, тұрғын үйлер (тұрғын ғимараттар) және тұрғын емес үй-жайлар белгіленеді.

1.7-жолда егер құқық иеленуші заңды тұлға болып табылса, онда оның атауы, егер заңды тұлға (соның ішінде дара кәсіпкер) болса, оның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса). Бірнеше құқық иеленуші болса, олардың әрқайсысы көрсетіледі;

Тұрғынжайлардың, тұрғын үйлердің (тұрғын ғимараттардың) және тұрғын емес үй-жайлардың құрылысы жүргізіліп жатқан учаскелер бойынша (егер оларда ешкім тұрмаса) санақ парағының 1-бөлімінің 1.7-жолында салынып жатқан тұрғынжай, тұрғын үй (тұрғын ғимарат) және тұрғын емес үй-жай тиесілі құқық иеленушінің деректері көрсетіледі және 1.10-жолда «тұрғынжай, тұрғын үй (тұрғын ғимарат) және тұрғын емес үй-жай салынып жатыр» белгісі қойылады.

1.8-жолда әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында, балалар үйінде, демалыс үйлерінде, жетім балаларға арналған және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттарда, пансионаттарда, санаторийлерде, сәбилер үйінде және басқа да мекемелерде, ұйымдарда халық тұрақты тұратын жерлердегі тұрақты тұратындардың саны;

1.9-жолда ауруханаларда, санаторийлерде, қонақүйлерде, демалыс үйлерінде және басқа да жерлерде уақытша тұратындардың және (немесе) келушілердің төсек орын саны;

1.10-жолда осы тұрғынжай, тұрғын үй (тұрғын ғимарат) және тұрғын емес үй-жай бойынша кез келген өзгерістер мен ескертулер көрсетіледі.

4. Санақ парағының 2-бөлімі халық тұрып жатқан барлық тұрғынжайлар мен тұрғын емес үй-жайлар бойынша толтырылады.

Санақ парағының 2-бөлімінде:

1-бағанда пәтердің, жатақханадағы бөлменің, жеке тұрғын үйдің нөмірі; нөмір қосымша цифрмен немесе әріптік нөмірлеумен белгіленсе, негізгі, сол сияқты қосымша белгілері де (мысалы, 8а, 5/1) жазылады;

2-бағанда пәтердің, бөлменің, жеке тұрғын үйдің типі «е-Статистика» ИАЖ анықтамалығына сәйкес;

3-бағанда тұрақты тұратын халықтың саны көрсетіледі.

Бұл ретте санақ парағының 2-бөлімнің 3-бағанында уақытша болмағандарды (12 айдан кем) қоса алғанда, тұрақты тұратын халық туралы деректер жазылады. 12 айдан артық болмаған, сондай-ақ әскери қызметке немесе оқуға (оқу мерзімі 12 ай және одан артық) кеткен адамдар олардың кету мерзіміне қарамастан 3-бағанға қосылмайды;

4-бағанда құқық иеленушінің деректері, халық тұрып жатқан тұрғынжай мен тұрғын емес үй-жай бірнеше құқық иеленушіге тиесілі болса, онда олардың әрқайсысы көрсетіледі;

5-бағанда халық тұрып жатқан осы тұрғынжай мен тұрғын емес үй-жай бойынша кез келген өзгерістер мен ескертулер көрсетіледі.

5. Участке тұрғынжайларының, тұрғын үйлерінің (тұрғын ғимараттарының) және тұрғын емес үй-жайларының барлығын аралауды аяқтап және қажетті мәліметтерді санақ парағына енгізгеннен кейін интервьюер олардың санақ парағында жазылған санын оның учаскесінің картасында көрсетілген мәліметтермен салыстырады.

Егер интервьюер аралау кезінде учаскенің картасында жоқ тұрғынжайды, тұрғын үйді (тұрғын ғимараттарының) және тұрғын емес үй-жайды анықтаған жағдайда, интервьюер оны санақ парағына енгізеді және электрондық және (немесе) қағаз жеткізгіштерде белгілейді.